ТЛ	Тәжірибеге лицензиясы бар
Т	Тәжірибеленуші
ДДРО	«Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК
РЭДО	«Республикалық электронды денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК
ОМҚ	Орта медицина қызметкері
ОСМ	Отан соғысының мүгедектері
ФАП	Фельдшерлік-акушерлік пункт
ФП	Фельдшерлік пункт
МП	Медициналық пункт
РБЖ	Ресурстарды басқару жүйесі
БС	Бірлескен сұраулық
АБЖ	Автоматтандырылған басқару жүйесі

Анықтамалар

Кадр ресурстары	Әр түрлі өндірістік-шаруашылық қызметтерді орындайтын ұйым қызметкерлерінің бүкіл штаттық құрамы.
Медициналық ұйым	Негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы.
Денсаулық сақтау ұйымы	Денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.
Денсаулық сақтау жүйесі	Қызметі азаматтардың денсаулық сақтауға құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған денсаулық сақтау субъектілерінің және мемлекеттік органдардың жиынтығы.

КІРІСПЕ

Бүкіл әлемде денсаулық сақтау саласының кадр ресурстары аясындағы проблеманы шешу мақсатында шаралардың тиімділігіне қол жеткізу үшін, ДҚР туралы сенімді әрі дейекті деректердің болу қажеттігі айрықша белгіленеді. Медицина қызметкерлері туралы ақпараттың бытыраңқылығы және әр түрлі ақпараттық деректер базасы елдердің ДҚР туралы деректерді жинау, талдау және дайындау мүмкіндіктерін шектейді. Сонымен қатар, сенімді деректер тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін және денсаулық сақтау саласының кадр ресурстары мәселелері бойынша тиімді стратегиялар әзірлеу үшін кедергі болып табылады. Сондықтан ҚР ДӘДМ-нің стратегиялық құжаттарындағы маңызды бағыттардың бірі ДҚР бойынша статистикалық деректерді жинау, есептеу және ЭЫДҰ елдерімен үйлестіру жүйесін жетілдіру болып табылады.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде статистикалық деректер фрагменттелген және халықаралық озық стандарттар мен талаптарға толықтай мөлшерде сәйкес келмейді. Әр түрлі дереккөздерден алынған статистикалық деректер әркез дәйекті болып, шешім қабылдау үшін қолданыла бермейді.

Көптеген елдерде орын алған бірқатар проблемаларға қарамастан, ДҚР туралы статистикалық деректерді есептеу, жинау және ұсыну бойынша қолданыстағы әдістер мен құралдарды жетілдіру жүзеге асырылып келеді. Ұлттық деңгейде медицина қызметкерлері туралы деректердің болуы, толықтығы және сапасы шешімдер қабылдауға, негізді саясат қалыптастыруға, сондай-ақ орта, қысқа және ұзақ мерзімді перспективада ДҚР-ді жоспарлауға ықпал етеді. Бұл әлі күнге дейін ДДҰ Еуропалық өңірі үшін проблема болып табылады, себебі ДҚР сипаттамасы, көлемі және динамикасы бойынша түйінді ақпаратты алу үшін көптеген дереккөздерге жүгіну қажет.

Көптеген елдерде кадр ресурстары жөніндегі деректерді жинауды және ұсынуды күшейту мақсатында едәуір күш салынды, бірақ медицина кадрлары туралы деректерді әрі қарай жетілдіру бойынша іс-шаралар жүргізу қажет.

I. Бірлескен сұраулық форматында ДҚР туралы деректерді жинау және ұсыну бойынша халықаралық шолу.

ДҚР-ді есептеу бойынша халықаралық озық тәжірибені талдау, оның ішінде ДДҰ, Еуростат стандарттары мен әдістемелік тәсілдері.

4. Ұлттық деңгейде деректерді жинауды жақсарту үшін және ұсынылатын статистикалық деректердің келістілігі үшін, ЭЫДҰ, Еуростат және ДДҰ Еуропада 2010 жылы денсаулық сақтау саласындағы ақшалай емес статистикалық көрсеткіштер бойынша бірлескен сұраулық (бұдан әрі – БС) әзірледі. Мұндай сұраулықтың негізгі мақсаты деректерді бірегейлендіру арқылы, түйінді аспектілер бойынша салғастырмалы деректерді ұсыну болып табылады. Аталмыш сұраулық денсаулық сақтау саласының шығындары және оны қаржыландыру жөніндегі деректер жиналатын денсаулық сақтау есептері жөніндегі Бірлескен сұраулықты толықтырады [4]. БС арқылы статистикалық деректерді осылай бірлесе жинау деректердің келістілігіне қол жеткізуге көмектеседі.

5. ЭЫДҰ елдерінде дәрігерлер (сондай-ақ, стоматологтар, мейірбикелер, акушерлер, фармацевттер, және күту жөніндегі персонал) бойынша статистикалық деректер құрылымдалады да, үш топқа бөлінеді [5].

1. тәжірибеленушілер: науқастарға тікелей қызмет көрсететін дәрігерлер;

2. кәсіби белсенділер: медициналық білімі жұмысты орындау алғышарт болып табылатын тәжірибеленушілер және басқа да дәрігерлер;

3. тәжірибеге лицензия алғандар. Тіркелген және тәжірибеге құқығы бар тәжірибеленушілер (тәжірибеленуші еместер) және басқа да дәрігерлер.

Дәрігерлерінің жалпы саны бойынша ЭЫДҰ-ның 19 елінің өкілдері 1-кестеде берілген ақпаратты ұсынады.

1-кесте. Тәжірибеленуші (Т), кәсіби белсенді (КБ) және тәжірибеге лицензиясы бар (ТЛ) дәрігерлер бойынша деректерді салыстыру.

Ел	Жыл*	1 000 тұрғынға шаққ. дәрігерлер баплығы			Салыстарған кездегі айырмашылық %		
		Т	КБ	ТЛ	КБ/Т	ТЛ/Т	ТЛ/КБ
Австрия	2013	4,99					
Бельгия	2013	2,95		5,13		74%	
Великобритания	2013	2,77		3,72		34%	
Венгрия	2013	3,21		5,23		63%	
Германия	2013	4,05	4,43	5,83	9%	44%	32%
Греция	2013		6,29				
Дания	2012	3,62	3,87	5,77	7%	59%	49%
Израиль	2013	3,43	3,14	4,15	-8%	21%	32%
Ирландия	2013	2,69	3,06	3,95	14%	47%	29%
Исландия	2013	3,62	3,62	7,21	0%	99%	99%
Испания	2013	3,81	4,1	4,99	8%	31%	22%
Италия	2013	3,9	4,19	6,37	7%	63%	52%
Люксембург	2013	2,81	3,08	3,88	10%	38%	26%
Нидерланды	2013		3,29	4,16			26%
Норвегия	2013	4,31	4,95	5,68	15%	32%	15%
Польша	2013	2,24	2,42	3,67	8%	64%	52%
Португалия	2013			4,26			
Словакия	2013		3,39				
Словения	2013	2,63	2,73		4%		
Финляндия	2013	3,02	3,3	3,94	9%	30%	19%
Франция	2013	3,1	3,33		7%		
Чехия	2013	3,69					
Швейцария	2013	4,04	4,11		2%		
Швеция	2012	4,01	4,23	5,97	5%	49%	41%
Эстония	2013	3,28		4,67		42%	
Қазақстан*	2013	3,51	3,95		13%		
ӘБЛҰ бойынша орташа		3,24	3,47	4,43	6%	44%	32%

Дереккөз [Дереккөз: ЭЫДҰ денсаулық сақтау статистикасы, 2015 (ЭЫДҰ/Еуростат/ДДҰ-Еуропа Бірлескен сұраулығының негізінде)]

1-кестеде көрсетілген елдер үш дәрігерлер тобы бойынша статистикалық деректерді бағыттады: тәжірибеленуші, кәсіби белсенді және тәжірибеге лицензиясы бар медицина қызметкерлері. Қазақстан тек тәжірибеленуші және кәсіби белсенді дәрігерлер бойынша ғана статистикалық есеп-қисапты ұсынатынын атап өткен жөн. Кәсіби белсенді дәрігерлер жөніндегі деректерді нақтылау қажет, себебі әр түрлі дереккөздер ДҚР туралы бытыраңқы деректерді ұсынады. Сонымен қатар, тәжірибеге лицензия алған дәрігерлер жөніндегі деректерді ұсыну қажет. ҚР-да дәрігерлік қызметті лицензиялау жүргізілмейтіндіктен, лицензиясы бар дәрігерлер бойынша ақпарат ұсынылмайды.

Б) БС-да дәрігерлердің санаттары бойынша олардың үш үлкен санаты бойынша деректер жиналады:

1. Жалпы медициналық тәжірибелік дәрігер
2. Дәрігер мамандар
3. Белгісіз санаттағы дәрігерлер

Жиналатын деректердің негізі Халықаралық еңбек бюросы әзірлеген Халықаралық стандартты кәсіптер жіктемесі (ХСКЖ-08) болды [6]

1. Жалпы тәжірибелік дәрігерлер (ХСКЖ-08 код: 2211)

- Жалпы тәжірибелік дәрігерлер
- Жалпы бейіндегі басқа да дәрігерлер (маман еместер)

2. Дәрігер-мамандар (ХСКЖ-08 код: 2212)

- Жалпы бейіндегі педиатрлар
- Акушер-гинекологтар
- Психиатрлар
- Медициналық мамандар тобы
- Хирургиялық мамандар тобы
- Басқа жіктемелерге кірмейтін басқа да мамандар

3. Белгісіз санаттағы дәрігерлер (ХСКЖ-08 код: 2210)

- Басқа санаттарға жіктеу мүмкін емес медициналық тәжірибелік дәрігерлер
- Басқа санаттарға жіктеу мүмкін емес дәрігер-интерндер және резиденттер

Берілген блок бойынша, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Белгісіз санаттағы дәрігерлер» санаты бойынша деректерді ұсынбайды.

6. БС-да, жалпы бейіндегі дәрігерлер жалпы тәжірибелік дәрігерлерді/отбасылық дәрігерлерді және өзге де бейіндегі дәрігерлерді (маман еместерді) қамтиды. Мамандар педиатр, акушер-гинекологтар және психиатрларды, медициналық, хирургиялық және басқа да мамандарды қамтиды [5].

С) ЭЫДҰ елдері дәрігерлердің жасы мен жынысы жөніндегі деректерді де ұсынады. БС бойынша, статистикалық деректер жылдың соңында ұсынылуы тиіс. БС-да жас бойынша келесі дәйектелім:

- 35 жасқа жетпеген
- 35-44 жас,
- 45-54 жас,
- 55-64 жас,
- 65+, жалпы көрсеткіш бойынша, ер дәрігерлер және әйел дәрігерлер

1. Стоматологтар

Стоматологтар жөніндегі деректер үш санат бойынша беріледі:

1.1. Тәжірибеленуші стоматологтар науқастарға тікелей қызмет көрсетеді. Оларға стоматологтар/стоматолог-хирургтар жатады. (ХСКЖ-08 код: 2261)

Қосылды:

- Университетте «стоматология» мамандығы бойынша оқу бітірген (тиісті дипломын алған) және тәжірибеге лицензия алған тұлғалар;
- Интерндер (тиісті дипломы бар және денсаулық сақтау ұйымында дипломнан кейінгі интернатура кезінде стоматологтардың немесе стоматолог-мамандардың басшылығымен қызмет көрсететін);
- Қызмет көрсететін орынға қарамастан қызметтерді көрсететін жалдамалы немесе өзін-өзі жұмыспен камтушы стоматологтар;
- Тәжірибеге лицензиясы бар және елде белсенді тәжірибеленуші шетелдік стоматологтар

Алынып тасталды:

- Оқу бітірмеген студенттер;
- Әкімшілікте жұмыс жасайтын, зерттеулермен айналысатын немесе науқастармен тікелей қатынасты шектейтін басқа да лауазымдардағы стоматологтар;
- Жұмыссыз және зейнетке шығып кеткен стоматологтар;
- Шетелде жұмыс жасайтын стоматологтар.

1.2. Кәсіби белсенді стоматологтар – «стоматология» мамандығы бойынша білімі жұмысты орындау алғышарты болып табылатын тәжірибеленушілер және басқа да дәрігерлер.

Қосылды:

- Науқастарға тікелей қызмет көрсететін стоматологтар;
- «Стоматология» мамандығы бойынша білімді талап ететін, әкімшілік немесе басқарушылық лауазымдарда жұмыс жасайтын стоматологтар;
- Ауыз қуысының гигиенасы және стоматологиялық көмек көрсету саласында ғылыми зерттеулермен айналысатын стоматологтар;
- Ауыз қуысының гигиенасы және стоматологиялық көмек көрсету стандарттарын қолдау немесе жақсарту бойынша қоғамдық қызметке қатысушы стоматологтар;
- Ғылыми қызметті жүзеге асыратын стоматологтар.


Алынып тасталды:

- «Стоматология» мамандығы бойынша білімді талап етпейтін жұмысты орындайтын/лауазымды иеленуші стоматологтар;
- Жұмыссыз және зейнетке шығып кеткен стоматологтар;
- Шетелде жұмыс жасайтын стоматологтар.

1.3. Тәжірибеге лицензиясы бар стоматологтар стоматология саласындағы медицина мамандары ретінде тәжірибеге құқығы бар және тіркелген тәжірибеленуші және басқа да (тәжірибеленуші емес) стоматологтарды қамтиды. Оларға стоматологтар/стоматолог-хирургтар жатады.

Қосылды:

- Науқастарға тікелей қызмет көрсететін стоматологтар;
- «Стоматология» мамандығы бойынша білімі жұмысты орындау алғышарты болып табылатын басқа да стоматологтар;
- «Стоматология» мамандығы бойынша білімі жұмысты орындау алғышарты ЕМЕС болып табылатын басқа да стоматологтар;
- Медицина мамандары ретінде тіркелген және тәжірибеге лицензиясы бар, бірақ экономикалық тұрғыда белсенді болып табылмайтын (мысалы, жұмыссыз немесе зейнетке шығып кеткен) стоматологтар;
- Шетелде жұмыс жасайтын стоматологтар.



1-сурет. Қазақстандағы стоматологтардың жалпы саны
Дереккөз: ҚР ДӘДМ МКҰД Статистика басқармасы

1-суретте Қазақстан Республикасының алғашқы екі «тәжірибеленуші стоматологтар» және «кәсіби белсенді стоматологтар» санаттары бойынша деректерді жинап, ұсынатыны көрсетілген. Деректерді жинаған кезде осы екі санат бойынша

айырмашылық жоқ, сондықтан цифрлар да 1980 жылдан бастап өзгеріссіз қалады. Қазақстан Республикасы «тәжірибеге лицензиясы бар стоматологтар» санаты бойынша деректерді ұсынбайды.

2. Фармацевттер

ЕО елдері дәрігерлер мен стоматологтардай құрылымда фармацевттердің үш санаты бойынша деректерді ұсынады:

2.1. Тәжірибеленуші фармацевттер науқастарға (клиенттерге) препараттар мен дәрілік заттарды тікелей дайындайды, береді немесе сатады және консультациялар береді (ХСКЖ-08 код: 2262).

Қосылды:

- Университетте «фармацевтика» мамандығы бойынша оқу бітірген (тиісті дипломын алған) және тәжірибеге лицензия алған тұлғалар;
- Қызмет көрсететін орынға қарамастан қызметтерді көрсететін жалдамалы немесе өзін-өзі жұмыспен қамтушы фармацевттер;
- Тәжірибеге лицензиясы бар және елде белсенді тәжірибеленуші шетелдік фармацевттер.

Алынып тасталды:

- Оқу бітірмеген студенттер;
- Әкімшілікте жұмыс жасайтын, зерттеулермен айналысатын немесе науқастармен (клиенттермен) тікелей қатынасты шектейтін басқа да лауазымдардағы фармацевттер;
- Жұмыссыз және зейнетке шығып кеткен фармацевттер;
- Шетелде жұмыс жасайтын фармацевттер.

2.2. Кәсіби белсенді фармацевттер – «фармацевтика» мамандығы бойынша білімі жұмысты орындау алғышарты болып табылатын тәжірибеленушілер және басқа да фармацевттер.

Қосылды:

- Науқастарға (клиенттерге) тікелей қызмет көрсететін фармацевттер;
- «Фармацевтика» мамандығы бойынша білімді талап ететін, әкімшілік немесе басқарушылық лауазымдарда жұмыс жасайтын фармацевттер;
- Сәйкестікті, тазалықты және белсенділікті анықтау үшін дәрілік заттарды сынаумен, ғылыми зерттеулермен айналысатын фармацевттер;

- Бақылау құралдарын және ережелерді әзірлеуге қатысушы фармацевттер;
- Ғылыми жұмыстармен және баяндамалармен айналысатын фармацевттер.


Алынып тасталды:

- «Фармацевтика» мамандығы бойынша білімді талап етпейтін жұмысты орындайтын/лауазымды иеленуші фармацевттер;
- Жұмыссыз және зейнетке шығып кеткен фармацевттер;
- Шетелде жұмыс жасайтын фармацевттер.

2.3. Тәжірибеге лицензиясы бар фармацевттер тіркелген және тәжірибеге құқығы бар тәжірибеленуші және өзге де (тәжірибеленуші емес) фармацевттерді қамтиды.

Қосылды:

- Науқастарға (клиенттерге) тікелей қызмет көрсететін фармацевттер;
- «Фармацевтика» мамандығы бойынша білімі жұмысты орындау алғышарты болып табылатын фармацевттер;
- «Фармацевтика» мамандығы бойынша білімі жұмысты орындау алғышарты ЕМЕС болып табылатын басқа да фармацевттер;
- Тәжірибеге лицензиясы бар, бірақ экономикалық тұрғыда белсенді болып табылмайтын (мысалы, жұмыссыз немесе зейнетке шығып кеткен) фармацевттер;
- Шетелде жұмыс жасайтын фармацевттер.



2-сурет. Қазақстандағы фармацевттердің жалпы саны
Дереккөз: ҚР ДӘДМ МКҰД Статистика басқармасы

2-суретте көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі алғашқы екі «тәжірибеленуші фармацевттер» және «кәсіби белсенді фармацевттер» санаттары бойынша деректерді ұсынады. «Тәжірибеге лицензиясы бар фармацевттер» санаты бойынша деректер жоқ.

3. Мейірбикелер және күтім жөніндегі персонал

Медицина мамандықтарының басқа санаттары бойынша мейірбикелер және күтім жөніндегі персонал бойынша деректер үш санатқа бөлінеді.

3.1. Науқастарға тікелей қызмет көрсететін тәжірибеленуші мейірбикелер.

Қосылды:

- Медициналық күтім жөніндегі кәсіби мамандар (төмендегі анықтамасына қараңыз);
- Күтім жөніндегі орта медициналық персонал (төмендегі анықтамасына қараңыз);
- Тәжірибеге лицензиясы бар және елде белсенді тәжірибеленуші шетелдік мейірбикелер

Алынып тасталды:

- Оқу бітірмеген студенттер;
- Мейірбике ісінде танылған мамандығы/сертификациясы жоқ мейірбике көмекшілері/ассистенттері және патронаж жұмысшылары;
- Акушерлер (олар жұмысының көп бөлігінде мейірбике ретінде жұмыс жасайтын жайттарды қоспағанда);
- Әкімшілікте жұмыс жасайтын, зерттеулермен айналысатын немесе науқастармен тікелей қатынасты шектейтін басқа да лауазымдардағы мейірбикелер;
- Жұмыссыз мейірбикелер және зейнетке шығып кеткен әрі бұдан әрі тәжірибеленуші емес мейірбикелер;
- Шетелде жұмыс жасайтын мейірбикелер.

3.2. Кәсіби белсенді мейірбикелер білімі жұмысты орындау алғышарты болып табылатын тәжірибеленуші және басқа да мейірбикелерді қамтиды.

Қосылды:

- Медициналық күтім жөніндегі кәсіби мамандар (төмендегі анықтамасына қараңыз);

- Күтім жөніндегі орта медициналық персонал (төмендегі анықтамасына қараңыз);
- Науқастарға тікелей қызмет көрсететін мейірбикелер;
- Әкімшілікте жұмыс жасайтын, зерттеулермен айналысатын немесе науқастармен тікелей қатынасты шектейтін басқа да лауазымдардағы мейірбикелер.

Алынып тасталды:

- «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша білімді талап етпейтін жұмысты орындайтын/лауазымды иеленуші мейірбикелер;
- Жұмыссыз және зейнетке шығып кеткен мейірбикелер;
- Шетелде жұмыс жасайтын мейірбикелер.

3.3. Тәжірибеге лицензиясы бар мейірбикелер «мейірбике ісі» мамандығы бойынша оқу бағдарламасын тәмамдаған және өз елінде мейірбике тәжірибесіне біліктілігі мен өкілеттігі бар. Оларға тәжірибеленуші және өзге де (тәжірибеленуші емес) мейірбикелер жатады.

Қосылды:

- Медициналық күтім жөніндегі кәсіби мамандар (төмендегі анықтамасына қараңыз);
- Күтім жөніндегі орта медициналық персонал (төмендегі анықтамасына қараңыз);
- Науқастарға тікелей қызмет көрсететін мейірбикелер;
- «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша білімі жұмысты орындау алғышарты болып табылатын мейірбикелер;
- «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша білімі жұмысты орындау алғышарты ЕМЕС болып табылатын басқа да мейірбикелер;
- Тәжірибеге лицензиясы бар, бірақ экономикалық тұрғыда белсенді болып табылмайтын (мысалы, жұмыссыз немесе зейнетке шығып кеткен) мейірбикелер;
- Шетелде жұмыс жасайтын мейірбикелер;

Алынып тасталды:

Мейірбике ісінде танылған мамандығы/сертификациясы жоқ мейірбике көмекшілері/ассистенттері және патронаж жұмысшылары.

Мейірбикелер және күтім жөніндегі персонал бойынша деректерді жинау ХСКЖ-08 жіктемелері мен анықтамаларына сүйенеді, онда мейірбикелер бойынша екі кең санат және күтім жөніндегі персонал (мекемелерде жұмыс жасайтын және патронажды жүзеге асыратын көмекшілерді қоса) бойынша бір санат ерекшеленеді:

(өз бетінше немесе дәрігерлермен және басқаларымен топта жұмыс жасайтын денсаулық сақтау саласының басқа да жұмысшыларының жұмысын қадағалауды қоса)

1. Медициналық күтім жөніндегі кәсіби мамандар (ХСКЖ-08 код: 2221): Өз бетінше немесе дәрігерлермен және басқаларымен топта жұмыс жасайтын денсаулық сақтау саласының басқа да жұмысшыларының жұмысын қадағалауды қоса, медициналық күтімді жоспарлауға және жүргізуге жауапты мейірбикелер,

2. Күтім жөніндегі орта медициналық персонал (ХСКЖ-08 код: 3221): Әдеттегідей, қадағалау бойынша жұмыс жасайтын және күтімді, медицина мамандары, мейірбикелер және денсаулық сақтау саласының басқа да мамандары құрған емдеу және дәрігерге жіберу жоспарларын жүзеге асыруға көмектесетін мейірбикелер.

3. Күтім жөніндегі персонал (патронаж жұмысшылары): Оларға мыналар жатады: 1) Науқастарды күту жөніндегі көмекшілер (ХСКЖ-08 код: 5321), олар тұрғылықты жеріне қарай жеке күтім жөніндегі мекемелер, ауруханалар және клиникаларды қоса, әр түрлі денсаулық сақтау мекемелерінің науқастары мен тұрушыларына күнделікті қызметті жүзеге асыру кезінде тікелей жеке күтім мен көмек көрсетеді; және 2) Жеке күтім бойынша үйге барып қызмет көрсететін жұмысшылар (ХСКЖ-08 код: 5322), олар жеке үйлерде және жекелеген жағдайларда тұратын, қартаю, ауру, жарақаттың салдарынан немесе басқа да физикалық немесе психикалық көрсеткіштер бойынша жеке күтімге мұқтаж тұлғаларға күнделікті қызмет көрсету кезінде күнделікті жеке күтімді қамтамасыз етеді.

ҚР ДӘДМ-де берілген деректерді зерделеу Қазақстанда медициналық күтім жөніндегі кәсіби мамандар мен күтім жөніндегі орта медициналық персонал арасында айырмашылық жоқ екендігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Барлық мейірбикелер медициналық күтім жөніндегі кәсіби мамандар ретінде жіктеледі. Қазақстан тәжірибеге лицензиясы бар мейірбикелер санаты бойынша деректер ұсынбайды. 2-кестеде ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 1987 жылдан бастап ұсынған деректері келтіріледі.

ЭЫДҰ елдері жоғарыда атап өткендей, үш топ бойынша (тәжірибеленуші – Т, кәсіби белсенді – КБ және тәжірибеге лицензиясы бар – ТЛ) мейірбикелердің, күтім жөніндегі персоналдың саны жөніндегі деректерді ұсынады. 3-кестеде ДДҰ Еуропалық өңірлері ЭЫДҰ елдеріндегі мейірбикелер мен күтім жөніндегі

персонал бойынша қолда бар деректердің қысқаша шолуы берілген.
ҚР-дан күтім жөніндегі персонал бойынша деректер жоқ.

2-кесте. ҚР-дағы мейірбикелердің жалпы саны

Мейірбикелер									
Тәжірибеленуші мейірбикелер			Кәсіби белсенді мейірбикелер			Тәжірибеге құқығы бар мейірбикелер			
	Мейірбикелер, барлығы	Бейін деңг. мейір-р	Бірл. бей. деңг. мейір-р	Мейірбикелер, барлығы	Бейін деңг. мейір-р	Бірл. бей. деңг. мейір-р	Мейірбикелер, барлығы	Бейін деңг. мейір-р	Бірл. бей. деңг. мейір-р
	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны
Жыл	(жек.түлг.)	(жек.түлг.)	(жек.түлг.)	(жек.түлг.)	(жек.түлг.)	(жек.түлг.)	(жек.түлг.)	(жек.түлг.)	(жек.түлг.)
1996	123507	123507	0	123507	123507	0			
1997	105212	105212	0	105212	105212	0			
1998	97849	97849	0	97849	97849	0			
1999	91510	91510	0	91510	91510	0			
2000	84432	84432	0	84432	84432	0			
2001	88140	88140	0	88140	88140	0			
2002	91438	91438	0	91438	91438	0			
2003	92773	92773	0	92773	92773	0			
2004	95047	95047	0	95047	95047	0			
2005	97631	97631	0	97631	97631	0			
2006	104339	104339	0	104339	104339	0			
2007	107198	107198	0	107198	107198	0			
2008	103853	103853	0	103853	103853	0			
2009	113262	113262	0	113262	113262	0			
2010	115859	115859	0	115859	115859	0			
2011	121091	121091	0	121091	121091	0			
2012	125397	125397	0	125397	125397	0			
2013	127208	127208	0	127208	127208	0			
2014	132 548	132 548	0	132 548	132 548	0			

Дереккөз: ҚР ДӘДМ МҚҰД Статистика басқармасы

3-кесте. Мейірбикелер және күтім жөнінегі персонал бойынша деректерді салыстыру

	Мейірбикелер (маманлап ж/е ЖМК)						Күтім жөнінегі персонал		
	1 000 тұрғынға шаққ. саны Т	КБ	ТЛ	Айырмашылық, % КБ/Т ТЛ/Т ТЛ/КБ			1 000 тұрғынға ш. саны Т	КБ	Айырм- к, % КБ/Т
Австрия	7,87						(d)0,55		
Бельгия (2012)	9,51	12,32	15,71	30%	65%	28%		8,46	
Великобритания	8,18						14,82		
Венгрия	6,43		10,45		63%		2,71		
Германия	12,96								
Греция (2011)		3,62						0,56	
Дания (2012)	16,3	17,56	26,73	8%	64%	52%	9,33	9,73	4%
Израиль	4,87	5,59	6,94	15%	43%	24%	12,29		
Ирландия		12,35	14,44			17%	4,97		
Исландия	15,45	15,45		0%					
Испания	5,14	5,39	5,54	5%	8%	3%	9,49	9,6	1%
Италия		6,14	6,88			12%		9,81	
Люксембург	11,93	12,26	22,82	3%	91%	86%	5,79	5,92	2%
Нидерланды		12,13	15,89			31%	15,89		
Норвегия	16,67	19,94	24,67	20%	48%	24%	14,55	18,83	29%
Польша	5,27	5,3	7,36	1%	40%	39%			
Португалия		6,05					2,76		
Словакия		5,75					0,82	1,65	101%
Словения	8,27	8,38		1%			2,03	20,4	0,01%
Финляндия (2012)	14,12	16,15	16,15	14%	14%	0%	20,63	26,11	27%
Франция		9,39						6,53	
Чехия	7,99		9,82		23%		2,31		
Швейцария	17,36						7,19		
Швеция (2012)	11,15	11,7	19,12	5%	71%	63%			
Эстония	6,17		9,26		50%		2,61		
Казахстан ³ (2012)	8,04	8,04							
ӨЫДҰ 6-ша орташа	9,79	10,16	13,63	9%	43%	27%	7,99	9,02	24%

Дереккөз: ӨЫДҰ денсаулық сақтау статистикасы, 2015
(ӨЫДҰ/Еуростат/ДДҰ-Еуропа Бірлескен сұраулығының негізінде)

4. Акушерлер

Берілген құжатта ұсынылған соңғы бөлім – акушерлер. БС-да жоғарыда берілгендей дәрігерлер, фармацевттер, стоматологтар және мейірбикелерге арналған санаттар.

4.1. Науқастарға тікелей қызмет көрсететін тәжірибеленуші акушерлер

Қосылды:

- Акушерлік жөніндегі кәсіби мамандар (ХСКЖ-08 код: 2222) және акушерлік жөніндегі орта медициналық персонал (ХСКЖ-08 код: 3222);
- «Акушерлік» мамандығы бойынша оқу бітірген/білімі бар және тәжірибеге лицензиясы бар тұлғалар;
- Қызмет көрсететін орынға қарамастан қызметтерді көрсететін жалдамалы немесе өзін-өзі жұмыспен қамтушы акушерлер;
- Жұмысының көп бөлігінде акушер ретінде жұмыс істейтін мейірбикелер (немесе мейірбике-акушерлер)

- Тәжірибеге лицензиясы бар және елде белсенді тәжірибеленуші шетелдік акушерлер.

Алынып тасталды:

- Оқу бітірмеген студенттер;
- Әкімшілікте жұмыс жасайтын, зерттеулермен айналысатын немесе науқастармен тікелей қатынасты шектейтін басқа да лауазымдардағы акушерлер;
- Жұмыссыз және зейнетке шығып кеткен акушерлер;
- Шетелде жұмыс жасайтын акушерлер.

4.2. Кәсіби белсенді акушерлер білімі жұмысты орындау алғышарты болып табылатын тәжірибеленушілер және басқа да (тәжірибеленуші емес) акушерлер.

Қосылды:

- Акушерлік жөніндегі кәсіби мамандар (ХСКЖ-08 код: 2222) және акушерлік жөніндегі орта медициналық персонал (ХСКЖ-08 код: 3222);
- Науқастарға тікелей қызмет көрсететін акушерлер;
- Әкімшілікте жұмыс жасайтын, зерттеулермен айналысатын немесе науқастармен тікелей қатынасты шектейтін басқа да лауазымдардағы акушерлер.

Алынып тасталды:

- «Акушерлік» мамандығы бойынша білімді талап етпейтін жұмысты орындайтын/лауазымды иеленуші акушерлер;
- Жұмыссыз және зейнетке шығып кеткен акушерлер;
- Шетелде жұмыс жасайтын акушерлер.

4.3. Тәжірибеге лицензиясы бар акушерлер акушерлік тәжірибеге заңды тәртіппен лицензия алған және/немесе тіркеу үшін қажетті білім мен мамандық алған. Оларға тәжірибеленуші және өзге де (тәжірибеленуші емес) акушерлер.


Алынып тасталды:

- Акушерлік жөніндегі кәсіби мамандар (ХСКЖ-08 код: 2222) және акушерлік жөніндегі орта медициналық персонал (ХСКЖ-08 код: 3222);
- Науқастарға тікелей қызмет көрсететін акушерлер;
- Акушерлік білімі жұмысты орындау алғышарты болып табылатын акушерлер;
- Акушерлік білімі жұмысты орындау алғышарты ЕМЕС болып табылатын акушерлер;

■ Тәжірибеге лицензиясы бар, бірақ әр түрлі себептер бойынша экономикалық тұрғыда белсенді тұрғыда белсенді болып табылмайтын (мысалы, жұмыссыз немесе зейнетке шығып кеткен) акушерлер;

■ Шетелде жұмыс жасайтын акушерлер.

Берілген бөлім бойынша да, акушерлік бойынша ұсынылған статистикалық деректерде айырмашылықтар бар. ЕО елдерінен айырмашылығы, ҚР ДӘДМ акушерлерді лицензиялау бойынша деректерді ұсынбайды (3-сурет).



3-сурет. ҚР-дағы акушерлердің жалпы саны
Дереккөз: ҚР ДӘДМ МКҰД Статистика басқармасы

5. Бітірушілер

Аталмыш бөлімде Бірлескен сұраулықтан алынған ауыспалылар көрсетілген және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінен алынған медик түлектер жөніндегі түлектер талданатын болады.

БС-да денсаулық сақтау саласындағы бес түрлі кәсіп бойынша бітірушілер жөніндегі деректер қосылған:

5.1. Бітіруші дәрігерлер:

Медицина факультетін немесе «медицина» мамандығы бойынша оқу орнын бітірген, яғни берілген жылы базалық медициналық білім алған студенттердің саны.

Алынып тасталды:

- «Фармацевтика», «стоматология», «қоғамдық денсаулық сақтау» және «эпидемиология» мамандықтары бойынша бітірушілер;
- Медицина бойынша дипломнан кейінгі оқуды немесе даярлықты бітірген тұлғалар.

5.2. Бітіруші стоматологтар

- Берілген жылы стоматология бойынша танылған мамандық алған студенттердің саны.

5.3. Бітіруші стоматологтар

5.5. Акушер бітірушілер

- Берілген жылы акушерлік бойынша танылған мамандық алған студенттердің саны.

5.5. Мейірбике бітірушілер:

- Берілген жылы мейірбике ісі бойынша танылған мамандық алған студенттердің саны.

Қосылды:

Медициналық күтім жөніндегі кәсіби маман немесе күтім жөніндегі орта медициналық персонал болу үшін қажетті оқу бағдарламаларын бітірушілер.

Алынып тасталды:

- Мейірбикелік тәжірибе үшін танылған негізді ұсынатын басқа да оқу бағыттарын бітірушілер;
- «Акушерлік» мамандығы бойынша бағдарламаны бітірушілер.

5.6. Медициналық күтім бойынша бітіруші мамандар

- Берілген жылы медициналық күтім жөніндегі кәсіби маман бойынша танылған мамандық алған студенттердің саны.

Алынып тасталды:

- «Акушерлік» мамандығы бойынша бағдарламаны бітірушілер.
- Күтім жөніндегі орта медициналық персоналды даярлау бойынша бағдарламаны бітірушілер.

5.8. Күтім жөніндегі орта медициналық персонал бітірушілер

- Берілген жылы орта медициналық персоналдың танылған мамандығын алған студенттердің саны.

Алынып тасталды:

- Медициналық күтім бойынша кәсіби мамандарды дайындау жөніндегі бағдарламаны бітірушілер.

ҚР ДӘДМ бітірушілер бойынша жыл сайын бес бағыт бойынша бітірушілер жөніндегі келесі деректерді ұсынады («дәрігер бітірушілер», «фармацевт бітірушілер» және «мейірбике бітірушілер» жөніндегі деректер). Бітірушілер – бірлестірілген кәсіби деңгейдегі мейірбикелер бойынша деректер берілмейді (4-кесте).

4-кесте. ҚР-дағы медициналық білім беру ұйымдарын бітірушілердің жалпы саны

Бітірушілер										
Год	Бітіруші дәрігерлер		Бітіруші стоматологтар		Бітіруші фармацевттер		Бітіруші акушерлер		Бітіруші мейірбикелер	
	Саны (жеке тұлғ.)	Код*	Саны (жеке тұлғ.)	Код*	Саны (жеке тұлғ.)	Код*	Саны (жеке тұлғ.)	Код*	Барлығы	Бей. деңгей
	Саны (жеке тұлғ.)	Код*	Саны (жеке тұлғ.)	Код*	Саны (жеке тұлғ.)	Код*	Саны (жеке тұлғ.)	Код*	Саны (жеке тұлғ.)	Бірл. бей. деңгей
1993	3110		468		570		769		10629	10629
1994	3314		282		520		927		10585	10585
1995	3393		459		341		837		10088	10088
1996	3462		413		325		655		6047	6047
1997	3235		367		161		552		7120	7120
1998	3273		250		25		775		5448	5448
1999	2562		228		92		813		5789	5789
2000	2425		179		117		970		5974	5974
2001	2380		163		199		763		6310	6310
2002	1835		164		445		713		5227	5227
2003	2219		187		436		745		6196	6196
2004	2963		232		378		703		6522	6522
2005	3080		194		128		865		6095	6095
2006	3154		290		770		1323		6905	6905
2007	4404		215		528		1270		6987	6987

Дереккөз: ҚР ДӘДМ МКҰД Статистика басқармасы

II. ҚР-да ДҚР бойынша қолданыстағы есептік нысандарды талдау және олардың ДДҰ, Еуростат стандарттарына сәйкестігі. ҚР-дағы кадр ресурстарының статистикалық есебін жүргізу.

Қазіргі уақытта кез-келген мемлекеттің, оның ішінде Қазақстан Республикасының да ақпараттық саласының ақпараттық-статистикалық құраушысы іс жүзінде қоғамдық өмірдің барлық салаларына елеулі ықпал етеді. ҚР мемлекеттік статистика жүйесі мемлекеттік органдарды, үкіметтік емес ұйымдарды, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, бұқаралық ақпарат құралдарын және азаматтарды мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді және таратуды ұйымдастырудың ғылыми қағидаттарына негізделген дәйекті әрі қайшылықсыз статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңымен [10] ресми статистикалық есепті нормативтік реттеу жүйесі бекітілген. ҚР-да статистикалық ведомствоның рөлін күшейту қазіргі уақытта

аумақтық-үлестірілген мемлекеттік статистика жүйесінің легитимділігімен және статистикалық есеп-қисап нысанын орталықтан келісу немесе бекіту құқығымен айқындалады. ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті мемлекеттік басқару жүйесінде маңызды рөлге ие, сондай-ақ базалық экономикалық параметрлер, маңызды әлеуметтік және демографиялық индикаторлар туралы анағұрлым толық әрі мақсатты ақпараттың көзі болып табылады, оның қызметінің нәтижелері түйінді басқарушылық шешімдердің, ұзақ мерзімді болжамдардың, ауқымды даму бағдарламалары мен жобаларының негізінде жатады.

КСРО құрамынан шығу, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу кезеңі Қазақстанда статистикалық ақпарат сапасының күрт төмендеуіне әкелді, бұл ұйымдық себептерге де, сондай-ақ әкімшілік-командалық жүйенің пайда болған кезінен бастап қолданылған статистикалық әдістеменің жетілмегендігіне де байланысты болды. Статистикалық есеп-қисапты ұсынатын ұйымдардың жүріс-тұрыс уәжі өзгерді: командалық экономика кезеңінде кәсіпорын олардың қызметін барынша анағұрлым жақсы жағынан сипаттайтын есеп-қисапты ұсынуға тырысса, ал қазір олардың бар зейіні мүлдем керісіншеге бағыт алған: қосымша мемлекеттік жәрдемақылар мен инвестициялар алу мақсатында қолайсыз экономикалық жағдайдың көрінісін құру [1].

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексімен бастапқы статистикалық және әкімшілік деректерді беру тәртібін бұзғаны үшін жаза көзделген. Кодекстің 497, 498-баптары тиісті мемлекеттік статистика органдарына бастапқы статистикалық және әкімшілік деректерді дейексіз ұсынғаны үшін жеке тұлғалар мен лауазымды тұлғаларға 20 АЕК-ге дейін жаза көзделген [2].

Медициналық-статистикалық ақпарат басымдықтар таңдауын жетілдіру, денсаулық сақтау саласын даму стратегияларын анықтау жөніндегі шешімдерді дайындаудың негізі болып табылады, Сәйкесінше есептік-есеп берушілік құжаттаманың көлемі мен мазмұны медицина саласын ақпараттық қамтамасыз ету тұжырымдамасының негізінде құрылуы тиіс (Т.М. Максимова, 2000; Е.П. Какорина, Г.У. Тен, 2003).

2004 жылы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды, оның ережелері қолда бар

ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру арқылы денсаулық сақтау жүйесін өзгертудің базисіне айналды [9]. Елдегі денсаулық сақтау саласын реформалау жүйенің бүкіл буынын, оның ішінде медициналық статистика қызметін де қозғады. Аталмыш қызметті қайта ұйымдастыру медициналық статистика қызметінің ресурстары мен құрылымын реформалау, бірыңғай ақпараттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту және әрі қарай жетілдіру шеңберінде есептік және есеп берушілік құжаттаманы өзектендіру тәрізді бағыттарда жүргізілді. Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін кепілдендіру және міндетті медициналық сақтандыру (МӘМС) жағдайында медициналық ұйымдардың қызметі әрі қарай да ұйымдық-әдістемелік бөлімдерді оңтайландыруға көмектесетін болады. Бұрын ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау қызметін облыстық Денсаулық сақтау басқармаларындағы (департаменттеріндегі) Медициналық статистика бөлімдері орындаған болатын. «Денсаулық сақтау ұйымдарының номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 797 бұйрығымен медициналық ұйымдардың номенклатурасына медициналық ақпараттық-талдамалы орталықтар енгізілді, олар 2013 жылдан бастап ҚР ДӘДМ-нің Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының филиалдары болды. РЭДО-ның негізгі мақсаты денсаулық сақтау жүйесінің ақпараттық инфрақұрылымын және медициналық статистиканы жетілдіру жолымен денсаулық сақтау жүйесінің дамуына көмектесу болып табылады. РЭДО филиалдарымен бірге өңірлерде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша денсаулық сақтау саласының ақпараттық және коммуникациялық инфрақұрылымының дамуын қамтамасыз етеді, жеке тұлғалардың (науқастардың) персоналдық деректерін қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, республикалық және жергілікті мемлекеттік атқарушы билік органдарына, жеке және заңды тұлғаларға медициналық-статистикалық ақпарат береді. РЭДО қызметінің жүйесі БҰДЖ жағдайында медициналық көмекті есептеу, жоспарлау және қаржыландырудың жаңа қағидаттарын сапалы енгізу бойынша ықпалды тетік бола алады. АҚШ-та медициналық көмекті басқару жөніндегі ұйым шығындарын ұстау мақсатында осыған ұқсас жүйелер құрылады (П.Р.Констведт, 2000).

Қазақстанның денсаулық сақтау ісін жаңғырту, басымдықтарды өзгерту және «электронды денсаулық сақтау» жүйесіне көшу

жағдайында, маңызды бағыттардың бірі статистикалық есеп-қисап нысандарын оңайлату және көрсеткіштер құрамын қысқарту; жеке нысандар көрсеткіштерінің өзара байланысын қамтамасыз ету; ақпаратты көшіруді болдырмау мақсатында аталмыш есеп-қисап нысандарын қайта қарау болып табылады. Яғни, заманауи жағдайда денсаулық сақтау жүйесі қызметінің тиімділігін сипаттайтын жаңа статистикалық көрсеткіштерді әзірлеуге деген қажеттілік артуда [3].

Міндетті медициналық сақтандыруға көшу жағдайында жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша ДҚР есебінің және ҚР ДӘДМ, ММСҚ және Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін кепілдендіру қорының шеңберінде статистикалық есепке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеудің маңызы артады. ДҚР-нің персоналдық есебі жалпы жұрт таныған халықаралық тәжірибе болып табылады, ол басқару міндеттерін іске асыруға арналған жүйелік тәсілді қамтамасыз етеді: демографиялық деректер, халық қажеттілігі, ауру-сырқаудың мониторингі және т.б. негізінде кадр ресурстарын жоспарлау.

40-шы жылдардың соңында КСРО ДМ-нің есептік нысандарының саны 11 болды, 90-шы жылдардың басында олардың саны 23 болды, ағымдағы жылы ҚР ДӘДМ 37 нысан бойынша ақпарат жинайды. БАДЖ-ға көшу медициналық персоналдың есептік және есеп берушілік құжаттарды толтыруға, медициналық-статистикалық ақпаратты өңдеуге кететін уақыт шығынын төмендетуге, оның дәйектілігі мен жылдамдығын арттыруға мүмкіндік берді. Алайда, қолданыстағы есептік және есеп берушілік нысандар уәкілетті орган талап етпейтін ақпаратпен жүктелген, жеке нысандардың толтыру жөніндегі түсіндірмелері бар айқын нұсқаулықтары жоқ, көптеген нұсқаулықтар ескірген және мамандықтар мен лауазымдардың қазіргі заманғы номенклатураларына сәйкес келмейді. Бұл ретте халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бірқатар қажетті статистикалық көрсеткіштер жоқ.

Денсаулық сақтау саласындағы статистикалық есеп көрсеткіштерін шетелдік деректермен салыстыру үшін, дұрыс салыстыруды қамтамасыз ету мақсатында оларды есептеуге арналған бірыңғай әдістемелік тәсілдерді әзірлеу қажет. Бұл кадрлық қамтылуды, дәрігерлер мен мейірбикелер қызметінің көрсеткіштерін, әр түрлі деңгейдегі медицина ұйымдары қызметінің көрсеткіштерін және т.б. есептеуге қатысты. Меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан медициналық ұйымдарда есептік және есеп

берушілік құжаттамы қамтамасыз етуге, сондай-ақ жеке есеп кезінде жиналатын деректерді талдауға арналған әдістемелік тәсілдерді бірегейлендіру талап етіледі [3].

2. ҚР ДҚР есебі бойынша статистикалық нысандарды талдау

ҚР ДӘДМ жүйесінде есептік және есеп берушілік нысандар «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» ҚР ДМ 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен регламенттеледі және есептік статистикалық нысандар «Денсаулық сақтау субъектілерінің әкімшілік деректерін жинауға арналған нысандарын бекіту туралы» ҚР ДМ 2013 жылғы 6 наурыздағы № 128 бұйрығымен регламенттеледі [7]. Денсаулық сақтау саласында адами ресурстар жөнінде ақпарат беретін негізгі есептік нысандар №17 және №30 нысандар болып табылады. Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы жекелеген қызмет түрлері жөнінде ақпарат беретін статистикалық есептер де бар (жедел медициналық көмек ұйымының, санавиацияның, шипажайлардың, перзентханалардың есебі, сот медицинасы саласында қызметті жүзеге асыратын ұйымның есебі және т.б.).

2.8. 30-нысан

«Медициналық ұйымның есебі» № 30 нысаны бойынша жылдық есепті ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жүйесінің барлық ұйымдары, сондай-ақ басқа да министрліктер мен ведомстволардың медициналық ұйымдары есептік жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша құрады.

Меншік нысандарына қарамастан, ересектер мен балаларға қызмет көрсететін барлық медициналық ұйымдар, жалпы (көп салалы) және барлық типтегі, саладағы және қуаттағы мамандандырылған ауруханалар (облыстық ауруханалар, қалалық, балалар қалалық, орталық аудандық және аудандық ауылдық, инфекциялық, жедел медициналық көмек ауруханалары және т.б.), ғылыми-зерттеу институттарының және медициналық ЖОО-лардың клиникалары, перзентханалар, барлық саладағы (балшықпен және сазбен емдеу орындарын, стоматологиялық емханаларды және шаруашылық есептік емханаларды, жеке кабинеттерді қоса) қалалық емханалар

(амбулатория, консультация), барлық саладағы диспансерлер, ОСМ-ге арналған госпитальдер, лепрозорийлер үшін міндетті.

Бірнеше емханалары бар ауруханалар барлық бірлестігіне бір ғана есеп құрады. Ауылдық жерде, дәрігерлік амбулатория тәрізді жеке құрылымдық бөлімшелер, орталық аудандық аурухана құрамына кіретін ауылдық ауруханалар жеке есеп құрады. Құрамында стационары және емханалық бөлімшесі бар ұйымдар (науқастарға консультациялық қабылдау ғана жүргізетін ұйымдарды қоса) бүкіл есепті құрайды. Амбулаториялық көмек көрсетпейтін ауруханалар есепте «Емхананың, диспансердің, консультацияның қызметі» деген бөлімді толтырмайды, ал дербес емханалық ұйымдар (стационарсыз диспансерлер, емханалар, амбулаториялар) «Стационардың қызметі» деген бөлімді толтырмайды.

Берілген есеп нысанына жедел көмек, санитариялы авиация ұйымдарының, қан құю орталықтары мен бөлімшелерінің, ФАП, ФП, МП және жеке орынжайы жоқ медқызметкердің есептері кірмейді.

Кадр ресурстары жөніндегі ақпаратты қамтитын бөлім «Есептік жылдың соңындағы ұйымның штат лауазымдары» деп аталады (1000-кесте).

«Штаттар» кестесіне белгіленген тәртіпте бекітілген штат кестесіне сәйкес лауазымды дәрігерлер, жоғары медициналық емес білімі бар мамандар, орта медперсонал, провизорлар мен фармацевттер, кіші және өзге де персонал туралы мәліметтер енгізіледі, жеке дәрігер тұлғалардың – жұмыспен қамтылған лауазымдардағы негізгі қызметкерлердің саны желтоқсан айының төлем ведомствосы бойынша енгізіледі.

Ұйымның құрамына кіретін, бірақ арнайы есептік нысандар (№ 22, 39, 40, 43, 50, 62, 51 н.) бойынша жеке есептер құратын ФАП, ФП, МП және жеке орынжайы жоқ медқызметкер, жедел медициналық көмек станциясы (бөлімшесі), санитариялық авиация қызметі, қан құю бөлімшелерінің штаттары туралы мәліметтер енгізілмейді.

Клиникалары бар ғылыми-зерттеу институттары бұл кестеде клиникалардың штатын ғана көрсетеді.

Бұл кесте уақытша жоқ тұлғаларды (ауру, еңбек демалысы, іссапар) қамтиды.

«Ұйымның штаттары» кестесін толтырған кезде, ұйымның әр түрлі құрылымдық бөлімшелеріндегі бір есімді дәрігер мамандар мен орта медициналық персоналдың лауазымдары бұл кестеде жалпы санмен көрсетіледі.

Белгілі бір мамандық дәрігерлерінің лауазымдары келесі критерийлер бойынша жатқызылады: цитогенетик дәрігерлердің лауазымдары – зертханашы генетиктерге; ДКК дәрігерлері, ОСА-ға қызмет көрсету жөніндегі дәрігерлер олардың мамандығы (терапевттер, хирургтар, отоларингологтар) бойынша көрсетеді; клиникалық бөлімшелердің босаған меңгеруші лауазымдары маман бейіні бойынша жолдарда көрсетіледі; егер бас дәрігер, оның орынбасары немесе бөлімше меңгерушісі құрылымдық бөлімшелердің бірінде қоса жұмыс істеу бойынша штат лауазымында отырса, онда бұл бөлімшеде оның отырған лауазымы тиісті мамандық бойынша көрсетіледі. Жеке тұлға ретінде маман жұмыспен қамтылған лауазым көп жерде көрсетіледі.

Бұрын 2011 жылғы №30 нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулықтар бойынша, туберкулезге қарсы диспансерлердің, емхана кабинеттерінің дәрігерлерінің лауазымдары, қосалқы бөлімшелердің - рентгенологиялық, физиотерапевтикалық бөлімшелердің, зертханалардың және т.б. лауазымдарын, фтизиатр емес консультант-мамандардың лауазымдарын қоспағанда, фтизиатр лауазымдарына қатысты болған. Онкологиялық диспансерлердегі және емхана кабинеттеріндегі дәрігерлердің барлық лауазымдары онколог дәрігерлердің лауазымдарына (радиолог лауазымдарын және қосалқы бөлімшелер бойынша лауазымдарды, сондай-ақ консультант-мамандардың лауазымдарын қоспағанда) жатқызылды.

Мамандарды сертификаттау жөніндегі талаптарды енгізгеннен бастап, есеп мамандық бойынша жүргізіледі. Жеке тұлғалардың санын толтырған кезде, олар дәрігердің отырған лауазымымен анықталатын және медицина институтын, курстарды, резидентураны бітірген кезде алған мамандығы бойынша емес, маманның сертификатына сәйкес келетін мамандық бойынша толтырылады.

Сөйтіп, ҚР ДӘДМ статистикалық нысандарын толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды өзгерту қажеттігінің уақыты жетті.

Жеке тұлға ретінде, әр дәрігер олар отырған лауазымдардың санына қарамастан, негізгі лауазым бойынша бір жолда ғана көрсетіледі.

Қолданыстағы ережелерге, жоғары медициналық емес білімі бар тұлғаларға сәйкес дәрігер лауазымдары туралы мәліметтер, қызметін орындайтын дәрігерлердің лауазымдарына сәйкес келетін жолдар бойынша көрсетіледі. Дәрігер лауазымдарындағы жоғары медициналық емес білімі бар маман жеке тұлғалар туралы мәліметтер

1100-кестеде көрсетілмейді, кесте астындағы жолда (1102-код) көрсетіледі – зертханашы дәрігер, статистик дәрігер, ЕДШ жөніндегі дәрігер, психолог лауазымындағылар. Нұсқаулықтық берілген талабы Лауазымдар номенклатурасына, медициналық емес білімі бар мамандар отыра алатын көрсетілген лауазымдар бойынша өзгерістер енгізуді және қайта қарауды да талап етеді. Мысалы, «зертханашы-дәрігер» лауазымынан басқа, жоғары немесе орта білімі бар «зертханашы-маман» лауазымын қосу қажет, осыған байланысты көрсетілген лауазымда биологиялық, химиялық, экологиялық және т.б. білімі бар мамандар; жоғары немесе орта білімі бар «статистик-маман», «ЕДШ маманы», «СӨС маманы» және т.б. жұмыс істей алады.

Сондай-ақ, берілген бөлімде жоғары медициналық білімі бар тұлғалар (инженер, программист, логопед, психолог, тәрбиелеуші, заңгер, әлеуметтік қызметкерлер және т.б.) үшін штат кестесінде көзделген лауазымдар туралы мәліметтер көрсетіледі. Алайда мұндай статистика ДДҰ-ға және Еуростатқа берілмейді. Халықаралық тәжірибеде денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа мамандық тұлғаларының есебі жүргізіледі, себебі олар денсаулық сақтау саласының кадр ресурстары болып табылады.

Орта медперсонал туралы мәліметтер орта медициналық персоналдың мамандықтарына сәйкес көрсетіледі.

Дәрігерлер сияқты, орта медперсонал туралы мәліметтер де, бұл лауазымда отырған орта медициналық персоналдың мамандығына қарамастан, отырған лауазымы бойынша көрсетіледі. Егер медициналық ұйымда 30-нысанның тізбесінде көрсетілмеген орта медициналық персонал бар болса, онда мәліметтер өзге де медперсонал жолында көрсетіледі. Бұл жолда мамандықтары тізбеде көрсетілмеген еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушылар, дезинфекторлар, медициналық тіркеушілер, диеталық мейірбикелер және басқа да орта медицина қызметкерлері туралы мәліметтер көрсетіледі.

30-нысанға медициналық ұйымның құрамына кіретін дәріханалардағы провизорлар мен фармацевттердің лауазымдары қосылған.

Халықаралық тәжірибе еуропалық елдерде мемлекеттік сектордағы берілген мамандық мамандарының есебі де жүргізілетінін көрсетті.

Өзге де (медициналық емес) персонал туралы мәліметтерде медициналық персоналға қатысты емес әкімшілік аппараттың, ас

үйдің, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшелерінің қызметкерлері енгізіледі.

2.9. 22-нысан

«Санитариялық авиация мен шұғыл және жоспарлы-консультациялық медициналық көмек бөлімшесінің есебі» жыл сайынғы есептік нысанын құрамында санитариялық авиациясы мен жоспарлы-консультациялық медициналық көмек бөлімшесі (ШЖКМБ бөлімшесі) бар жеке республикалық, облыстық, қалалық ұйымдар құрады да, аумақтық денсаулық сақтау органдарына ұсынады.

«Санитариялық авиация мен ШЖКМБ бөлімшесінің штат лауазымдары» 2000-коды көрсетілген кесте, олар құрамына кіретін денсаулық сақтау ұйымының есептік жылдың соңындағы штат кестесінің деректерін қамтиды. Жұмыспен қамтылған лауазымдар туралы мәліметтер желтоқсан айының төлем ведомствосы бойынша олардың жыл соңындағы нақты орнын басуға сәйкес көрсетіледі. Еңбек кітапшалары берілген ұйымда орналасқан дәрігер жеке тұлғалардың және негізгі қызметкерлердің орта медициналық персоналының саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Құрамында санитариялық авиациясы және ШЖКМБ бөлімшесі бар денсаулық сақтау ұйымдары «Медициналық ұйымның есебі» атты 30-есептік нысанның 1100-кестесіне санитариялық авиация және ШЖКМБ бөлімшесінің медициналық персоналының лауазымдары туралы мәліметтерді енгізбейді.

2.10. 40-нысан

«Жедел медициналық көмек ұйымының есебі» жыл сайынғы есептік нысанын барлық жеке жедел және шұғыл медициналық көмек станциялары, құрамында жедел медициналық көмек бөлімшесі бар қалалық және ауылдық ұйымдар, станциясы бар жедел көмек ауруханалары құрады.

Кадр ресурстары туралы мәліметтер 1100-кодындағы «Ұйымның штат лауазымдары» кестесінде белгіленеді және штат кестесінің деректері бойынша толтырылады, ал бос емес лауазымдар туралы мәліметтер желтоқсан айының төлем ведомствосы бойынша олардың жыл соңындағы нақты орнын басуға сәйкес көрсетіледі. Дәрігер жеке тұлғалардың және орта медперсоналдың саны туралы мәліметтер

еңбек кітапшалары берілген ұйымда орналасқан негізгі қызметкерлер туралы ғана көрсетіледі.

Жылдың соңында уақытша жоқ қызметкерлердің лауазымдары (демалыс, іс-сапар, ауру және т.б.) бос емес лауазым ретінде көрсетіледі.

2.11. 41-нысан

«Сәбилер үйі» есептік нысанын республиканың сәбилер үйі жыл сайын толтырады да, жоғары тұрған ұйымға ұсынады. Кадр ресурстары «Штат лауазымдары» кестесінде берілген: штаттар бекітілген штат кестесі бойынша, жыл соңындағы бос емес лауазымдар және желтоқсан айының төлем ведомствосы бойынша негізгі қызметкерлердің саны көрсетіледі.

2.12. 43-нысан

«Фельдшерлік-акушерлік, фельдшерлік-медициналық пункт және жеке орынжайы жоқ медициналық қызметкердің есебі» 43-нысаны ФАП-тар мен медициналық пункттардың қызметі туралы деректерді ұсынады. 2014 жылы елде 4300 фельдшерлік-акушерлік пункт, әр түрлі ауылдық елді мекендерде медициналық пункттар жұмыс істеді, оларда 5400 орта медицина қызметкері қызмет көрсетті.

2.13. 45-нысан, 46-нысан

«Мамандандырылған шипажай есебі» статистикалық 45-нысаны ересектер мен балаларға арналған туберкулезге қарсы шипажайдың есебін қамтиды.

№46 статистикалық нысанында Саламатты өмір салтын қалыптастыру орталығының, дезинфекциялық станцияның, Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының және олардың аумақтық филиалдарының, жеке патологиялық-анатомиялық бюроның штат лауазымдары туралы деректер қамтылады.

Жеке тұлғалардың да штаттық, бос емес лауазымдарының саны туралы жалпы мәліметтер басқа нысандар бойынша негізгі талаптардың шеңберінде көрсетілген. Балалар шипажайының есебінде, фтизиатр дәрігерлермен қатар, педиатрлар да көрсетіледі.

2.14. 47-нысан

«Денсаулық сақтау ұйымдарының желісі және қызметі туралы есеп» жиынтық статистикалық нысаны. Медициналық ұйымдар қызметінің желісі туралы жылдық есепті республикаға бағынышты облыстар мен қалалардағы жергілікті мемлекеттік басқару органдарын құрады, өңірдің ұйымдары туралы жиынтық нысан болып табылады және басқа есептік нысандар үшін айқыш бақылау қызметін жүзеге асырады.

Есептік кестеде көрсетілген ұйымдардың типтері бойынша барлық штаттық және бос емес лауазымдар көрсетіледі.

2.8. 17-нысан

«Медицина кадрлары туралы есеп» № 17 нысаны бойынша жылдық есепті ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жүйесінің барлық ұйымдары, сондай-ақ басқа да министрліктер мен ведомстволардың медициналық ұйымдары есептік жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша жоғары және орта арнайы медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды бақылау тізімдерінің негізінде құрады, олар келесі мәліметтерді қамтуы тиіс («Кадрлар» АБЖ ДБ): тегі, аты, әкесінің аты, оқу орны және оқу орнын бітірген жылы, мамандығы (диплом бойынша және сертификат бойынша), дипломнан кейінгі білімі туралы ақпарат, біліктілікті арттыру, қайта даярлау мерзімдері, меңгерген біліктілік санаты.

Тізімдерге берілген ұйымдағы еңбек кітапшаларының және № Т-2 нысанының (жеке карточка) негізінде негізгі қызметкерлер (шетелде іс-сапарда жүрген, декреттік демалыстағы, ұзақ уақыт ауырып жатқан және уақытша олардың орнында жұмыс істеп жүргендерді қосқанда) туралы ғана мәліметтер енгізіледі.

Қоса атқарушылар тізімдерге енгізілмейді. Резидентурада өндірістен қол үзіп оқып жүргендер тізімдерге негізгі қызметкерлер ретінде енгізілмейді.

Дәрігерлерді қандай да бір мамандыққа жатқызған кезде, кадр қызметтері келесі ережелерді басшылыққа алады:

3. Санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі мамандарды қоспағанда, жоғары немесе орта медициналық білімі бар мамандар

біліктілік санатын меңгермеген, немесе біліктілік санатын меңгерген маманның сертификатына сәйкес тиісті мамандыққа жатады.

4. Жоғары немесе орта санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі медициналық немесе фармацевтикалық білімі бар мамандар алған мамандығы бойынша тиісті мамандыққа жатқызылады және ол бойынша жұмыс өтіліне қарамастан, немесе біліктілік санатын меңгерген маманның сертификатына сәйкес көрсетіледі.

Нысандағы дәрігерлік мамандықтардың тізбесі «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар номенклатурасын бекіту туралы» ҚР ДМ 24.11.2009 жылғы №774 бұйрығымен бекітілген Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар номенклатурасына сәйкес келеді [8].

Жалпы саннан өз қызметін білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда және басқару органдарының аппараттарында жүзеге асыратын, ауылдық жерде орналасқан денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс жасайтын дәрігерлер белгіленеді.

Орта медициналық персоналдың мамандығы алған сертификаты бойынша көрсетіледі.

2.9 ДДҰ және Еуростат стандарттарымен есеп-қисапты үйлестіру үшін №17 есептік нысанына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар

Жоғарыда баяндалғандай, ДҚР статистикалық есебінде ҚР-дағы ДҚР бойынша статистикалық деректердің халықаралық стандарттармен салыстырмасының болмау проблемасы бар. Бұл проблеманы шешу үшін ДДҰ және Еуростат стандарттарымен есеп жүйесін үйлестіру, сондай-ақ деректер базасын жаңғырту және оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажет (5-кесте).

5-кесте. ҚР ДӘДМ және ДДҰ деректерін салыстыру

	Қазақстан	ДДҰ, Еуростат стандарттары
ДӘРІГЕРЛЕР		
ДҚР бойынша статистикалық деректер көздері	3) Кадрлар АБЖ Деректер базасы, 4) №30, №22, №40, №41 және т.б. есептік нысандар (ШЛ, БЛ, ЖТ), №17 нысан (ЖТ, ұзақ болмағандарды қоса),	1) База данных: Профессиональный реестр 3) -
Есептеу әдістемесі	1)Кәсіби белсенді 2) Тәжірибеленуші (диагн және ем үдерісімен тікелей айналысатындар)	1)Кәсіби белсенді, 2)Тәжірибеленуші, 3)Лицензия алғандар
Топтастыру	4) Мамандық бойынша 5) Лауазымдар бойынша 6) Білім деңгейі, білім бейіні бойынша	4 негізгі санат: • Жалпы дәрігерік тәжірибе ХСКЖ-08 код 2211), • Дәрігер мамандар (ХСКЖ-08 код 2212) (6 салаға топтастырылады) • Белгісіз санаттағы дәрігерлер • Стоматологтар.
Интерндер мен резиденттер	ескерілмейді	ескеріледі

Кадрлар статистикасын жүргізу, тиісті нысандарды талдау, ҚР ДҚР статистикасын жүргізуде проблемалық мәселерді анықтау бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде ДДҰ және Еуростат ұсыныстарын ескере отырып, кадрлар статистикасын жүргізу үшін «Медицина кадрлары туралы» қолданыстағы № 17 есептік нысанға өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар әзірленді.

4 және 5-суреттерде қолданыстағы және ұсынылатын нысан көрсетілген

Атауы	жолдың №	Барлығы	оның ішінде: (1-бағаннан)						Дәрігерлердің жалпы санынан (1-б.) – біліктілік санаттары бар		Қаята даярлау және біліктілікті арттыру									
			білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда және басқару органдарының аппараттарында негізгі жұмыста	тікелей науқастарды емдеумен және диагностикалық процеспен айналысатын дәрігерлердің саны	ауылдық жердегі мамандардың саны	есептік жылда бірінші рет негізгі жұмыс мамандығы бойынша сертификат алған	каала	ауыл	каала	ауыл	каала	ауыл	Оқу жоспары	оқыған	оның ішінде оқыған					
														Барлығы	ӨА есебінен	МА есебінен	бюдж. есебінен			
															Біліктілікті арттыру	Қайта даярлау	Біліктілікті арттыру	Қайта даярлау	Біліктілікті арттыру	Қайта даярлау

4-сурет. №17 қолданыстағы нысанының бағандары

Атауы														оның ішінде резиденттер
жолдың №														
барлығы														
Оның ішінде ауылдық жерде														
	оның ішінде: (1-бағаннан)													оның ішінде: (13 және 14-бағандардың жиынтығынан)
	Кәсіби белсенді													білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда және басқару органдарының аппараттарында негізгі жұмыста
	білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда және басқару органдарының аппараттарында негізгі жұмыста													Ауылдық жердегі мамандардың саны
	Оның ішінде емханада (амбулаторияда), диспансерде, консультацияда													
	Тәулік бойы жататын ұйымдарда (стац, хоспистер)													
	Ауылдық жердегі мамандардың саны													
	Тәжірибеленуші дәрігерлер (тікелей науқастарды емдеумен және диагностикалық процеспен айналысатын дәрігерлердің саны)													
	Шетелдік азамат мамандардың саны													
35 жасқа толмаған	Дәрігерлердің жасы (есептілік кезеңнің соңындағы)													
35-45														
46-55														
56-63														
63+														

5-сурет. №17 ұсынылған нысанының бағандары

Нысанның жаңа редакциясында кадрлардың біліктілігі, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша бағандарды және ағымдағы жылы сертификат алған тұлғалар туралы деректерді алып тастау ұсынылады. Мұндай деректерді қажет болған жағдайда «Кадрлар» АБЖ» ДБ-дан алуға болады. Кәсіби-белсенді кадрлар бойынша, шетелдік жұмыс күшінің есебі бойынша бөлімдерді, зейнет және зейнеталды жастағы тұлғаларға екпін түсірілген жас ерекшеліктері туралы деректерді және резиденттер жөніндегі деректерді қосуды ұсынамыз.

Сонымен қатар, мамандықтардың тізбесінде (жолдар) дәрігерлердің мамандықтарын 4 үлкен топқа және 6 қосалқы топқа топтастыру ұсынылады (6-сурет).

№ 17 нысанды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

1. Дәрігерлер
Есептік жылдың соңындағы дәрігерлердің саны
оның ішінде әйелдер
Жалпы дәрігерлер санының ішінде, жеке тұлғалар:
Терапия (жасөспірімдер терапиясы, жедел және шұғыл медициналық көмек, диетология)
Жалпы дәрігерлік тәжірибе (отбасылық медицина)
Кардиология (ересектер, балалар), оның ішінде интервенциялық
Ревматология (ересектер, балалар)
Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)
Гастроэнтерология (ересектер, балалар)
Гематология (ересектер, балалар)
Пульмонология (ересектер, балалар)
Эндокринология (ересектер, балалар)
Нефрология (ересектер, балалар)
Фтизиатрия (ересектер, балалар)
Кәсіби патология (еңбек медицинасы)
Жұқпалы аурулар (ересектер, балалар)
Дерматовенерология (венерология, дерматология, дерматокосметология) (ересектер, балалар)
Невропатология (ересектер, балалар)
Психиатрия (психотерапия, сексопатология, медицинская психология, сот-психиатрлік сараптама) (ересектер)
оның ішінде: психиатрия
наркология
Балалар психиатриясы (психотерапия, сексопатология, медицинская психология, сот-психиатрлік сараптама)
оның ішінде: балалар психиатриясы
балалар наркологиясы

ДҚР туралы деректерді жүргізудің және ұсырудың қолданыстағы нысаны ДДҰ және Еуростат стандарттарына сәйкес келмейді:

Топтастыру:

1. Жалпы бейіндегі педиатрлар,
2. Акушер-гинекологтар,
3. Психиатрлар, Терапиялық мамандар тобы,
4. Хирургиялық мамандар тобы,
5. Басқа жіктемелерге кірмейтін басқа да мамандарды (ұлттық деңгейде шешу)



Жалпы санның ішінде
1. жалпы бейін дәрігерлері (ХСКЖ-08 код: 2211), жеке тұлғалар:
Жалпы дәрігерлік тәжірибе (отбасылық медицина)
2. Дәрігер мамандар (ХСКЖ-08 код: 2212)
Терапиялық топ
Хирургиялық мамандар тобы
Акушер-гинекологтар
Жалпы бейіндегі педиатрлар
Психиатрлар
Басқа жіктемелерге кірмейтін басқа да мамандар
Басқа санаттағы дәрігерлер (ХСКЖ-08 код: 2210) (2-топта көрсетілмеген өзге де мамандықтар)
Стоматологтар (ХСКЖ-08 код: 2261)
Стоматология (ересектер, балалар)
Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)
II. Жоғары білімі бар мейірбике ісінің мамандары (ХСКЖ-08 код: 2221)
III. Жоғары фармацевтикалық білімі бар мамандар, барлығы (ХСКЖ-08 код: 2262)
Орта медперсонал. Есептік жылдың соңындағы орта медицина қызметкерлерінің, жеке тұлғалардың саны, барлығы
Акушерлік іс (акушер, жалпы тәжірибелік акушер) (ХСКЖ-08 код: 3222)
Мейірбике ісі (ХСКЖ-08 код: 3221): (мейірбике/мейіргер, мамандандырылған жалпы тәжірибелік мейірбике/мейіргер, СӨС қалыптастыру жөніндегі мейірбике/мейіргер, медициналық статистик)
II. Орта фармацевтикалық білімі бар мамандар (фармацевттің ассистенті, фармацевт), жеке тұлғалар, барлығы

6-сурет. 17-нысан бойынша мамандықтарды топтастыру жөніндегі ұсыныстар.

Ұсынылған өзгерістер Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және Еуростаттың стандарттарымен денсаулық сақтау саласының кадр ресурстарын есептеудің бірыңғай тәсіліне негізделеді.

Жаңа нысан бекіту, есеп жүргізу және халықаралық стандарттарға сәйкес есептік деректерді даярлау жағдайында, халықаралық ұйымдардың Қазақстанның ДҚР бойынша берген деректеріне деген сенімі артады.

ҚР-дағы ДҚР жөніндегі деректерді ЭЫДҰ елдерінің көрсеткіштерімен салыстыру мүмкіндігі ДҚР-ны басқару саласында дәлелді саяси әрі басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

ДҚР есебінің жүйесіне медициналық көмек көрсетуге ынталы мамандардың тобы енгізілген, бірақ статистикалық есепте ескерілмейді (шетелдік жұмыс күші, резиденттер), сондай-ақ кәсіби белсенді емес кадрлардың есебі де жүргізіледі.

Сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге сәйкес кадрлар есебінің жаңа жүйесін енгізудің белгілі бір тәуекелдері мен қиындықтары бар екенін атап өткен жөн. Мысалы, жаңа тәсілдерді енгізу дәрігер кадрлармен қамтылу көрсеткішін төмендетуге әкеледі, ол өз кезегінде

дәрігерлермен қамтылу бойынша Қазақстанның тиісті орнының (әлемде 10-шы орын) өзгеруіне әкеледі.

ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда ДҚР-мен қамтылу жөніндегі нақты деректер ҚР ДӘДМ-нің қолданыстағы жоспарларына, бағдарламалық құжаттарына түзетулер енгізуді қажет етеді.

Барлық ДҚР топтарының (кәсіби белсенді емес мамандар мен резиденттерді қоса) тиімді есебін қамтамасыз ету үшін, қазіргі уақытта жағдай жоқ – мысалы, ДҚР бірыңғай тізілімі жоқ.

III. ДҚР бойынша статистикалық есепті жүргізу әдістемесін жетілдіру және оны ДДҰ, Еуростат ұсыныстарымен үйлестіру бойынша қорытынды және ұсыныстар

ҚР тәжірибесіне отандық стандарттарды әзірлеу арқылы халықаралық ресми статистикалық есеп стандарттарын енгізу әлемдік статистикалық кеңістік шеңберінде ресми статистикалық есепті үйлестіру және стандарттау бойынша жалпы әлемдік проблеманың құрамды бөлігі болып есептеледі. Қазақстандық ресми статистикалық есептің халықаралық стандарттарға сәйкестігі, Қазақстанда ресми статистикалық есепті ұйымдастыру және жүргізу кезінде бұрын қалыптасқан ұлттық дәстүрлерді сақтау және дамыту бойынша түбегейлі тұрғыда ғана қажет, бұл әсіресе мемлекеттік статистика саласындағы терминологияны әрі қарай бірегейлендіру қажеттігін болжайды.

4. ҚР медицина мамандықтарының номенклатурасына өзгерістермен енгізумен қатар, халықаралық стандарттарға сәйкес статистикалық деректерді жинау, есептеу және ұсыну жүйесін үйлестіру үшін, халықаралық тәжірибе бойынша, Қазақстан Республикасында ДҚР туралы деректерді жинау, есептеу, мониторинг және ұсыну жүйесін жетілдірудің халықаралық тәжірибе тұрғысынан ең келешегі зор әрі орынды қорытындысы медицина қызметкерлерінің кәсіби тіркелімін құру болады.

5. Халықаралық стандарттарға сәйкес статистикалық деректерді жинау, есептеу және ұсыну жүйесін үйлестіру үшін есептер конструкторына өзгерістер енгізу талап етіледі, ол ДДҰ және Еуростат ұсыныстарына сәйкес әзірленген ұсынылатын нұсқаулықтар бойынша кәсіби белсенді, шетелдік қызметкерлерді, мамандықтардың топтарын және жасын қоса (2-қосымша), ДҚР бойынша ұсынылатын бірыңғай есептік нысанды қалыптастырар еді (1-қосымша). Жетілдірілген бірыңғай есептік нысан медицина кадрлары саласында саяси шешімдер қабылдау үшін уәкілетті органға ДҚР туралы деректерді ұсыну үшін қажет.

6. Сонымен қатар, ұсынылатын есептік нысан және оған тіркелетін толтыру жөніндегі нұсқаулық халықаралық стандарттарға сәйкес дұрыс есептеуді қамтамасыз етеді, ДДҰ және Еуростат ұсыныстарына сәйкес деректерді ДҚР туралы халықаралық деректермен салыстыруға және ұсынуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

11. Петрова И.В. Экономикалық тұрақсыздық жағдайында өнеркәсіптік өнімнің динамикасын статистикалық зерттеу әдістемесі – 1997.
12. «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексі
13. Огрызко Е.В. Ғылым докторы дәрежесін алу үшін диссертация «Ресей Федерациясында медициналық статистиканы реформалау жағдайы және оның негізгі бағыттары» Мәскеу, 2011
14. Денсаулық сақтау саласының кадр ресурстары жөніндегі жаһандық стратегия: Workforce 2030
http://www.who.int/hrh/documents/15376_WHOBrief_NHWFA_0605.pdf.
15. ЭЫДҰ денсаулық сақтау статистикасы, 2015
(ЭЫДҰ/Еуростат/ДДҰ-Еуропа Бірлескен сұраулығының негізінде
<http://www.oecd.org/statistics/data-collection/Health%20Data%20-%20Guidelines%202.pdf> .
16. РФ медициналық статистиканы реформалау жағдайы және оның негізгі бағыттары
http://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---europe/---ro-geneva/---sro-moscow/documents/publication/wcms_306603.pdf.
17. «Денсаулық сақтау субъектілерінің әкімшілік деректерін жинауға арналған нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 6 наурыздағы № 128 бұйрығы
18. «Медицина және фармацевтика мамандықтарының номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 774 бұйрығы
19. «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы» ҚР Президентінің 17.01.14 ж. №732 Жарлығы
20. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы

ҰЙЫМДАРДЫҢ МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКА КАДРЛАРЫ

1000 Жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар қызметкерлердің мамандықтары

Атауы	жолдың №	Барлығы		Оның ішінде ауылдық жерде	оның ішінде: (1-бағаннан)	оның ішінде: (3-бағаннан)										оның ішінде: (13 және 14-бағандардың жиынтығынан)		Оның ішінде резидентер	Оның ішінде интерндер		
						Профессионально-активные	білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда және басқару органдарының аппараттарында негізгі жұмыста	Оның ішінде емханада (амбулаторияда), диспансерде, консультацияда	Тәулік бойы жататын ұйымдарда (стац, хоспистер)	Ауылдық жердегі мамандардың саны	Тәжірибеленуші дәрігерлер (тікелей науқастарды емдеумен және диагностикалық процеспен айналысатын дәрігерлердің саны)	Шетелдік азамат мамандардың саны	Дәрігерлердің жасы (есептік кезеңнің соңындағы)							білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда және басқару органдарының аппараттарында негізгі жұмыста	ауылдық жердегі мамандардың саны
													35 жасқа толмаған	35-44	45-54	55-63	63+				
A					4				8		0	1	2	3	4	15	6				
I. Дәрігерлер Есептік жылдың соңындағы дәрігерлер, жеке тұлғалар саны	1																				
оның ішінде әйелдер	2																				
Жалпы санынан 1. жалпы бейін дәрігерлері (ХСКЖ-08 код: 2211), жеке тұлғалар:					X				X							X					

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

ведомстволардың ұйымдарында	8																
жеке құрылым ұйымдарында	9																

Басшы_____

—

Орындаушы_____,

тел_____

Күні " ____ " ____ _20__

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ**

«БЕКІТЕМІН»

**ҚР ДӘДМ Медициналық көмекті ұйымдастыру
департаментінің ақпарат және статистикалық
талдау басқармасының бастығы
_____XXXXXXXXXXXX.
_____xxxxxxxxxxxx 2016ж.**

НҰСҚАУЛЫҚ

**«Медицина және фармацевтика кадрлары туралы есеп» (№17
нысан, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің
2013 жылғы 06 наурыздағы №128 бұйрығымен бекітілген) есебін
құру жөніндегі**

Астана қаласы 2016 ж.

1-бөлім.

1000-кесте. Жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар қызметкерлердің мамандықтары

«Медицина кадрлары туралы есеп» № 17 нысаны бойынша жылдық есепті ҚР ДӘДМ барлық денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ басқа да министрліктер мен ведомстволардың медициналық ұйымдары есептік жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша жоғары және орта арнайы медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды бақылау тізімдерінің негізінде құрады, олар келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

оқу орны және оқу орнын бітірген жылы, мамандығы (диплом бойынша және сертификат бойынша), дипломнан кейінгі білімі туралы ақпарат, біліктілікті арттыру, қайта даярлау мерзімдері, меңгерген біліктілік санаты.

1. Тегі, аты, әкесінің аты.
2. Бітірген жоғары (орта) арнайы оқу орны және оны бітірген (диплом алған) жылы
3. Факультеті (бөлімше).
4. Мамандығы (сертификат бойынша).
5. Мамандандырудан (интернатура, резидентура (клиникалық ординатура) немесе бастапқы мамандандыру), жалпы немесе тематикалық жетілдіруден, қосымша даярлықтан өтті ме, қайда және қашан?

Тізімдерге берілген ұйымдағы еңбек кітапшаларының және № Т-2 нысанының (жеке карточка) негізінде негізгі қызметкерлер (шетелде іссапарда жүрген, декреттік демалыстағы, ұзақ уақыт ауырып жатқан және уақытша оладың орнында жұмыс істеп жүргендерді қосқанда) туралы ғана мәліметтер енгізіледі.

1-баған – «Барлығы» бағанына декреттік демалыстағы, іссапардағы, ұзақ уақыт ауырып жүргендерді және т.б. қоса, жалпы дәрігерлердің және негізгі қызметкерлердегі ОМҚ саны қойылады.

2-баған – мамандардың жалпы санының ішіндегі, ауылдық жерде медициналық көмек көрсететін дәрігерлер мен ОМҚ

3-баған – **Кәсіби белсенді дәрігерлер** - тәжірибеленуші дәрігерлер және алған медициналық білімі лауазымды қызметін орындаудың алғышарты болып табылатын, өз қызметін есептік жылдың соңында ұйымдарда жүзеге асыратын дәрігерлер (1-бағандағы).

Дәрігерлер және ОМҚ қосылады,

- науқастарға тікелей қызмет көрсететіндер;
- медициналық білімді талап ететін, әкімшілік немесе басқарушылық лауазымдарда жұмыс жасайтын дәрігерлер және ОМҚ;
- адам денсаулығы және оларды профилактикалау мен емдеудің әдістерін әзірлеу мәселелері бойынша ғылыми зерттеулермен айналысатын дәрігерлер.

Алынып тасталсын: шетелдік іс-сапарда, декреттік демалыста жүрген, ұзақ уақыт ауырып жатқан, медициналық білімді талап етпейтін лауазымдарда жұмыс істейтін дәрігерлер және ОМҚ.

4-баған – білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда және басқару органдарының аппараттарында жұмыс істейтін дәрігерлер мен ОМҚ саны (3-бағандағы)

5-баған - тәжірибеленуші дәрігерлер және ОМҚ – науқастарды тікелей емдеумен және диагностикалық процеспен айналысатын дәрігерлердің, науқастарға тікелей қызмет көрсететін ОМҚ саны көрсетіледі (3-бағандағы)

Қосылады

- жалданып жұмыс істейтін дәрігерлер мен ОМҚ және көмек көрсету орнына қарамастан науқастарға тікелей қызмет көрсететін жеке тәжірибеленушілер;
- лицензиясы бар және елде белсенді медициналық тәжірибемен айналысатын шетелдік дәрігерлер және ОМҚ.

Алынып тасталды: білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда және басқару органдарының аппараттарында жұмыс істейтін, сондай-ақ науқастармен тікелей қатынасты шектейтін басқа лауазымдарда жұмыс істейтін дәрігерлер мен ОМҚ; медициналық білімді талап етпейтін лауазымдарда жұмыс істейтін мамандар.

6-баған – ауылдық жерде медициналық көмек көрсететін кәсіби белсенді мамандардың саны (3-бағандағы)

7-баған – кәсіби белсенді дәрігерлер мен ОМҚ санының ішіндегі, шетелдік азамат-мамандардың саны (3-бағандағы)

10-14-бағандар – жас ерекшелігінің дәйектеліміне сәйкес қызметкерлердің саны көрсетіледі (3-бағандағы)

15-16-бағандар – білім беру ұйымдарындағы, ғылыми ұйымдардағы және басқару органдарының аппараттарындағы және ауылдық жердегі зейнет және зейнет алды жастағы қызметкерлердің саны көрсетіледі (13 және 14-бағандардың жиынтығы)

Қоса атқарушылар тізімге енгізілмейді. Кадрларды дайындау жөніндегі ұйымдарда, ғылыми-зерттеу институттарында және басқару органдарының аппараттарында нысанды толтырған кезде мыналарды ескеру қажет:

а) стационары (клиникасы) жоқ дәрігерлерді жетілдіру ұйымдары, медициналық және ғылыми-зерттеу институттары 3 және 4-бағандарға барлық дәрігерлер туралы (қоса атқарушыларсыз) мәліметтерді қосады, яғни 1 және 2-бағандағы деректер бірдей болуы тиіс;

б) клиникасы (емханасы) бар ғылыми-зерттеу және медицина университеттері 3-бағанға барлық дәрігерлер туралы мәліметтерді қосады, ал 4-бағанға тек теориялық және эксперименттік бөлімшелердің, кафедралардың және зертханалардың дәрігерлері (ғылыми қызметкерлер) туралы ғана мәліметтерді қосады;

в) басқару органдарының аппараттарындағы және медицина колледждеріндегі жеке тұлға дәрігерлер туралы деректер 3 және 4-бағанда бірдей болуы тиіс.

Дәрігерлерді қандай да бір мамандыққа жатқызған кезде, келесі ережелерді басшылыққа алған жөн.

1. Санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі мамандарды қоспағанда, жоғары немесе орта медициналық білімі бар мамандар **маманның сертификатына** сәйкес тиісті мамандыққа жатады.

2. Жоғары немесе орта санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі медициналық немесе фармацевтикалық білімі бар мамандар алған мамандығы бойынша тиісті мамандыққа жатқызылады және ол бойынша жұмыс өтіліне қарамастан, немесе маманның сертификатына сәйкес көрсетіледі.

3-55-жолдардың (қоса алғанда) жиынтығы барлық бағандар бойынша 1-жолға тең.

3-жолда «Жалпы дәрігерлік тәжірибе» (отбасылық медицина)

Қосылды:

- Жалпы тәжірибелік дәрігерлер
- отбасылық дәрігерлер

Алынып тасталды:

- Педиатрлар
- Жалпы бейіндегі басқа да дәрігерлер

Терапиялық бейіндегі мамандықтардың тобы

Қосылды:

- Терапия (жасөспірімдер терапиясы, жедел және шұғыл медициналық көмек, диетология)
- Кардиология, оның ішінде интервенциялық
- Эндокринология
- Гастроэнтерология
- Пульмонология
- Нефрология
- Онкология
- Аллергология және иммунология
- Ревматология
- Неврология
- Оториноларингология
- Жұқпалы аурулар
- Фтизиатрия
- Кәсіби патология (еңбек медицинасы)
- Гематология
- Дерматовенерология
- Медициналық реабилитология, қалпына келтіруші емдеу (физиотерапия, емдік дене шынықтыру, курортология)
- Сәулелік диагностика(3)
- Сәулелік терапия (радиология) (3)
- Гериатрия
- Токсикология
- Трансфузиология (клиникалық, өндірістік)
- Функционалдық диагностика(3)
- Патологиялық анатомия
- Микробиология-бактериология
- Жоғарыда аталған бағыттар бойынша мамандандырылған дәрігер-интерндер және дәрігер-машықкерлер (ординаторлар)

Алынып тасталды:

- Хирургия
- Акушерлік және гинекология
- Педиатрия
- Психиатрия
- Жалпы тәжірибелік дәрігерлер

Хирургиялық бейіндегі мамандықтардың тобы

Қосылды:

- Жалпы хирургия (торакалды, абдоминалды, трансплантология, колопроктология)

- Кардиохирургия
- Нейрохирургия
- Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия)
- Пластикалық хирургия
- Травматология-ортопедия (камбустиология)
- Оториноларингология (сурдология)
- Офтальмология
- Урология және андрология
- Анестезиология және реаниматология
- Төтенше жағдайлар мен апаттар медицинасы
- Балалар хирургиясы (неонаталдық)
- Хирургияның басқа да бағыттары
- Перфузиология
- Спорттық медицина

Алынып тасталды:

- Стоматологиялық хирургия
- Жақ-бет хирургиясы

Жалпы педиатрия

Қосылды:

- Педиатрлар, учаскелік педиатрлар
- Неонатологтар

Алынып тасталды:

- Тар шеңберлі педиатр мамандықтарының өкілдері (мысалы, балалар психиатриясы, балалар хирургиясы, балалар гинекологиясы, балалар кардиологиясы, балалар онкологиясы және т.б.)

Акушерлік және гинекология

Қосылды:

- Акушерлік, гинекология
- Балалар гинекологиясы
- Репродуктивті медицина
- Медициналық генетика
- Гинекологиялық онкология

Психиатрия

Қосылды:

- Психиатрия (психотерапия, сексопатология, медицинская психология, сот-психиатрлік сараптама)

- Балалар психиатриясы

- Наркология (сот-наркологиялық сараптама)

Алынып тасталды:

- Психологтар

Басқа да мамандық топтары

Қосылды:

- Денсаулық сақтау менеджменті

- Қоғамдық денсаулық сақтау /Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтау ұйымы (валеология, статистика, әдістемені қоса)

- Гигиена, эпидемиология және медициналық статистика

- Клиникалық зертханалық диагностика

- Клиникалық фармакология

- Жоғарыда қамтылмаған басқа да мамандықтар

Стоматологтар (56-57-жолдар)

Қосылды:

- Науқастарға тікелей көмек көрсететін стоматологтар

- Алған стоматологиялық білімі лауазымды қызметін орындаудың алғышарты болып табылатын басқа да стоматологтар

- Алған стоматологиялық білімі лауазымды қызметін орындаудың алғышарты болып табылмайтын басқа да стоматологтар

II. Жоғары білімі бар мейірбике ісінің мамандары (ХСКЖ-08 код: 2221), 59-жол.

Қосылды:

- «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша жоғары білімі (бакалавриат, магистратура) бар кәсіби деңгейдегі мейірбикелер

III. Жоғары фармацевтикалық білімі бар мамандардың барлығы (ХСКЖ-08 код: 2262), 61-жол

Қосылды:

- Университет деңгейінде жоғары фармацевтикалық оқу орнында толық оқу курсы бітірген (тиісті дипломы бар) тұлғалар

- Қызмет көрсету орнына қарамастан жалданып жұмыс істейтін және жеке тәжірибеленуші фармацевттер

- Тиісті лицензиясы бар және елде белсенді тәжірибемен айналысушы шетелдік фармацевттер

2-бөлім.

1001-кесте. Орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандар

1001-кестенің 1 -13-жолдарында орта медициналық білімі бар мамандар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Орта медициналық персонал мамандығы отырған лауазым емес, алған сертификат бойынша көрсетіледі. Мысалы, егер білімі бойынша фельдшер мейірбике лауазымында отырса, онда ол фельдшер ретінде есепке алынуы тиіс.

Аяқталған орта медициналық білімі бар, басқа мамандық бойынша мамандандырудан өткен, ол боцынша санат алған тұлғалар қайта иеленген мамандық бойынша көрсетіледі.

Акушерлер

Қосылды:

- Қызмет көрсету орнына қарамастан жалданып жұмыс істейтін және жеке тәжірибеленуші акушерлер
- Көбінесе акушерлер ретінде жұмыс істейтін мейірбикелер, фельдшерлер
- Тиісті лицензиясы бар және елде белсенді тәжірибемен айналысушы шетелдік акушерлер

Мейірбикелер

Қосылды:

- Бірлестірілген кәсіби деңгейдегі мейірбикелер
- Мейірбике болып жұмыс істейтін акушерлер, фельдшерлер
- Тиісті лицензиясы бар және елде белсенді тәжірибемен айналысушы шетелдік мейірбикелер

3-9-жолдардың (қоса алғанда) жиынтығы барлық бағандар бойынша жеке-жеке тиісті бағанның 1-жолына тең болуы тиіс. 10-13-жолдардың (қоса алғанда) жиынтығы да барлық бағандар бойынша жеке-жеке тиісті бағанның 1-жолына тең болуы тиіс.

Көрсетілген жолдарға кірмей қалған орта медициналық білімі бар барлық мамандар алған білімі бойынша жолдарда есепке алынуы тиіс.

14-жолда орта фармацевтикалық білімі бар мамандар көрсетіледі.

16-19-жолдардың (қоса алғанда) жиынтығы барлық бағандар бойынша жеке-жеке тиісті бағанның 14-жолына тең болуы тиіс.